

## "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Қостанай облысы Қарасу ауданы Шолақашы ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 14 мамырдағы № 1-ш шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 мамырда № 8440 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Шолақашы ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Шолақашы ауылдық округі әкімінің 16.09.2021 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелерде және бүкіл мәтін бойынша "Целинный ауылдық округінің", "Целинный ауылдық округі" сөз тіркестері тиісінше "Шолақашы ауылдық округінің", "Шолақашы ауылдық округі" сөз тіркестерімен ауыстырылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Шолақашы ауылдық округі әкімінің 25.08.2020 № 4-ш (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қарасу ауданы Шолақашы ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында Қарасу ауданы Шолақашы ауылдық округі Целинное ауылының аумағында орналасқан жалпы көлемі 0,8375 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Шолақашы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) алынып тасталды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Шолақашы ауылдық округі әкімінің 25.08.2020 № 4-ш (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен;
- 3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қарасу ауданы Шолақашы ауылдық округі әкімінің 25.08.2020 № 4-ш (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шолақашы*  
ауылдық округінің әкімі

*А. Мұхаметжанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК